

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 159 "2022-2024 жылдарға арналған Есет Көгібарұлы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 маусымдағы № 264 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 159 "2022-2024 жылдарға арналған Есет Көгібарұлы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

- 1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;
- 2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев